

Г. Омарбекова*

Назарбаев университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: gulnara.omarbekova@nu.edu.kz)

Эмотивті лингвоэкология және ұлттық концептілер: қазақ паремиологиясына эмотивті-прагматикалық көзқарас

Мақалада қазақ тілінің паремиологиялық бірліктері эмотивті лингвоэкология аспектісінде қарастырылып, ұлттық педагогиканың «Ұят болмасын», «Жаман болмасын», «Обал болмасын» концептілерінің мәдени код ретіндегі мәні лингвомәдени мазмұндағы мақалдар арқылы беріледі. Ұлттың келбетінің, тыныс-тіршілігінің, болмысының ерекшелігі фольклорлық мәтіндерден, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерден неғұрлым айқын және нақты көрінеді. ХХІ ғасыр паремиологиясы дәстүрлі құрылымдық бағыттан ауытқып, тілдің функционалды-прагматикалық сипатына қызығушылықтың артуымен сипатталады. Мақалды прагматикалық тұрғыдан қарастыру арқылы мақал-мәтелдің танымдық табиғаты мен коммуникативтілік құндылығы, яғни не үшін айтылғаны контексті арқылы нақтыланады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі ғалымдар арасында мақал-мәтелдердің эмоцияға әсер ету әсеріне қарай коммуникативтік-прагматикалық аспектілерде зерттелуінің қажеттілігімен айқындалады. Жұмыс мақсатына байланысты мақалдың рухани мағынасы сол сөзді қолданушы халықтың мінез-құлқы және тағдырымен терең тамырласып, астарласқан лингвоэтноұлттық болмыс пен сана-сезімді қарастыратын эмотивті лингвоэкология аясында зерттеледі. Сөздің күші, оның құдіреті айналадағы биосферамен, тірі табиғатпен байланысты, яғни эмотивті лингвоэкология — эмоцияға толы, жағымды немесе жағымсыз реңктегі сөздер мен құрылымдардың қоғам мен тіл кеңістігіне әсерін зерттейді. Бұл бағыт тілдің эмоционалды мәдениетін және оның экологиялық тепе-теңдігін сақтауға тырысады. Мақал-мәтелдер — экологиялық таза тілдік құрал. Олар қоршаған ортаны, қарым-қатынасты жақсартып, тілді жағымсыз ластанудан қорғайды. Мақал-мәтелдер арқылы жастарды тіл мәдениетіне тәрбиелеуге болады, бұл — эмотивті лингвоэкология үшін өте маңызды. Зерттеуде семантикалық, прагматикалық-коммуникативтік талдау және этикалық құндылықтарды мәдени талдау әдістері қолданылды. Эмотивті лингвоэкология лингвомәдениеттанудың жалпы ережелеріне сүйенгендіктен, «Ұят болады», «Жаман болады», «Обал болады» концептілері эмотивті сезім тудыратын экологиялық мақал-мәтелдер концептосферасы арқылы вербалданады. Мақал-мәтелдерді зерттеуде бұл жаңа ізденіс. Қоғамда орын алып отырған әлеуметтік жағдайларға сәйкес ғасырлар бойғы санамызда жатталған сөз өрнектерін тіл экологиясы тұрғысынан, мақалдың қаншалықты қоғамда танымал және қолданыста екендігін, яғни оның прагматикалық маңызын анықтау мақсатында жастар арасында эмпирикалық зерттеу ұйымдастырылды. Сауалнама, интервью түрінде жүргізілген эмпирикалық зерттеу тікелей респонденттердің білімі мен өмірлік тәжірибелеріне сүйеніп, мақалдың күнделікті қолданысы туралы мәлімет студенттер мен оқытушылардың жауаптарынан жиналған деректерге негізделді. Сауалнамада қолданылған тапсырмалардың сандық нәтижелері жұмыста ұсынылған. Болашақ зерттеулерге ұсыныс ойлар тұжырымдалған.

Кілт сөздер: мақал, эмотивті лингвоэкология, концептосфера, дискурсивтік құзыреттілік, сауалнама.

Kipicne

Кез келген ұлт басқа ұлттан несімен ерекшеленеді десек, сол ұлттың таным-тынысын, болмысын танытатын, ең алдымен тілдік ерекшелігі — сөзі арқылы танылады. Сөз — танымдық тұтастығымен, мағыналық ұғымымен әр халықтың дүниетанымын айқындайтын тілдегі сөйлеу әрекетінің негізгі бірлігі ретінде қарастырылады. «Сөз — халықтың қымбаттан қымбат кені» [1;119], – деп С. Мұқанов айтса, ал сөз мәйегі мақалды А. Байтұрсынов халық данышпандығының айнасы, оларды тудырған халықтың тіл байлығының алтын қазынасы дейді, «Мақал-мәтел белгілі бір халықтың өмірден көрген-білгенінен жасаған қорытындысы, ақыл-ой түйіні» [2;6], «Мақал-мәтелдер — әрбір халықтың көне де байырғы рухани қазынасы. Мақал (М) халықтың өткен өмір-тіршілігі мен бүгінгі болмысын болашағымен жалғастыратын «алтын арқау» [3; 6-7], – дейді академик Ә. Қайдар

Мақалада қазақ тілінің паремиологиялық бірліктері эмотивті лингвоэкология аспектісінде қарастырылып, ұлттық педагогиканың «Ұят болмасын», «Жаман болмасын», «Обал болмасын»

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gulnara.omarbekova@nu.edu.kz

концептілерінің мәдени код ретіндегі мәні лингвомәдени мазмұндағы мақалдар арқылы ашылады. Мәдени кодтар — белгілі бір мәдениеттің құндылықтары, нормалары мен дәстүрлері туралы ақпаратты беретін белгілердің, символдардың және стереотиптердің жиынтығы. Бұл кодтар тілде фразеологиялық бірліктер, метафоралар, мақал-мәтелдер және басқа да тілдік құралдар арқылы жүзеге асады. Мәдени кодтар өмірдің әр саласында және қандай мәдени аспектілерді айқындайтынына байланысты бірнеше түрге бөлінеді, соның ең басты тобы — мәдени ақпаратты тасымалдайтын нақты сөздер, сөз тіркестері және мақал-мәтелдер. Біз мақал-мәтелдерді сөйлеуде қайталанатын тұрақты, аллегориялық өрнектер деп түсінеміз, олар даналық, ақыл, кеңес ретіндегі мінез-құлықтың этикалық нормалары мен жағымды эмоцияларын білдіреді. Сонымен бірге тіл экологиясы аясында сөйлеу тәжірибесінде эмоционалдық принцип пен агрессивтіліктің болуы деонтикалық (әдеби) нормаға зиян келтіретін алетикалық (ауызекі) тілдік норманың басым дамуына әкелетіндігі дәлелденеді. Бұл әлеуметтік өзара әрекеттестіктің қазіргі кезде негізінен бұқаралық мәдениет саласында жүзеге асуы ана тілінде сөйлейтіндердің дискурсивті құзыреттілігіне кері әсер етеді. Ал бұл қоғамның бірте-бірте девербалдануына, яғни жоғары әдеби норма деңгейінен ауытқып, тіл қолданысының жұпыланылуына әкеледі. Осы бағытта респонденттермен жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижесі талданып, жұмыс мақсаты қорытындыланды.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Мақаланы даярлау барысында деректердің негізгі ғылыми көзі ретінде мақалды зерттеген теоретик ғалымдардың ағылшын, қазақ және орыс тілдеріндегі еңбектеріне талдау, жүйелеу жұмыстары орындалды. Зерттеуде семантикалық, прагматикалық-коммуникативтік талдау және этикалық құндылықтарды мәдени талдау әдістері қолданылды. Мәдени талдау нақты бір қоғамдағы немесе мәдениеттегі моральдық нормалар мен құндылықтардың мәнін, қызметі және оларды ұстанудың ерекшеліктерін мәдениет контекстінде анықтайды. Мысалы, қазақ мәдениетіндегі «Ұят болмасын», «Жаман болмасын», «Обал болмасын» концептілері ұлттық құндылықтарды қалыптастырады, қауымдық жауапкершілікке баулиды, дәстүрлі ортада тәрбие құралы ретінде қызмет етеді. Бұл құндылықтар осы жұмыста мақал (М) арқылы беріледі. М-ның қаншалықты қоғамда танымал және қолданыста екендігін, яғни оның прагматикалық маңызын анықтау мақсатында студенттер қауымының білімі мен көзқарасын анықтау үшін сауалнама ұйымдастырылды. Сауалнама сандық және сапалық деректерді жинау арқылы зерттеу нәтижесіне қол жеткізуде тиімді әдіс болды. Жұмыста деректерді жинау мақсатында респонденттер қатысқан сауалнамада сұрақтардың екі түрі: ашық және жабық сұрақтар қолданылды.

Методология және теориялық негіз

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы тіл білімі жаһандану жағдайында ұлттық-мәдени бірегейлікті орнықтыру және сақтау мәселелеріне тұрақты қызығушылық танытатын сипатымен анықталады. Ұлттың келбетінің, тыныс-тіршілігінің, болмысының ерекшелігі фольклорлық мәтіндерден, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерден неғұрлым айқын және нақты көрінеді. XXI ғасыр париемологиясы дәстүрлі құрылымдық бағыттан ауытқып, тілдің функционалды-прагматикалық сипатына қызығушылықтың артуымен сипатталады. Кез келген тілдік бірлікті прагматикалық тұрғыдан қарастыру оған жасалған функционалдық талдауды әрі қарай логикалық түрде жалғастырады және дамытады. М-ны прагматикалық тұрғыдан қарастыру арқылы мақал-мәтелдің танымдық табиғаты мен коммуникативтілік құндылығы, яғни М-ға үшін айтылғаны контексті арқылы нақтыланады.

Мақалдың прагматикалық қуатын эмотивті лингвоэкология аспектісінде де зерттеуге болады, өйткені мақал айна сияқты қоғамның өмірі мен моральдық көзқарастарын бейнелейді және мінез-құлық ережелерін реттейді, мінез-құлық нормаларын көрсетеді. «Қазақ және орыс тілдерінің паремиялогиялық бірліктерінің лингвоэкологиялық сипаттамасы мақал-мәтелдердің көпшілігі этикалық құндылықтарды бейнелейтін стереотиптер қызметін атқаратынын көрсетеді: ізгілік, жанашырлық, ұят, жомарттық, ізеттілік» [4; 94]. Екінші жағынан, мақал-мәтелдер де: 1. Адамды адастыратын кері көзқарастарды бейнелейді, мысалы: *Өзі тоймастың көзі тоймас. Жетімнің қарны жетеу. Көз бір уыс топыраққа тояды.* 2. Мақал-мәтелдер затқа деген тұтынушылық қатынасты білдіреді: *Ақша сөйлейтін жерде, ұят үндемейді, Ақша есіктен кірсе, махаббат терезеден шығып кетеді, Бай адамның әзілі әрдайым күлкілі*, т.б. 3. Мақал-мәтелдер теріс әсер ететін қорқыту, қорлау, сөгу сияқты көзқарастарды білдіре алады: *Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа*,

Төркіні жақын қатынның төсегі жиылмайды, Біреуге ор қазба, өзің түсесің; Жығылып жатып, сүрінгенге күлме. Сондықтан О.Д. Тарасова мен Н.А. Скитина мақал-мәтелдердің оң экологиялық және кері экологиялық мәнді екенін ажырата білу қажеттігін айтады. Зерттеушілер былай деп жазады: «Біз оң экологиялық мақал-мәтелді тілдік экологиялық тепе-теңдікті сақтауға көмектесетін мақал деп қарастырамыз. Сонымен бірге кері экологиялық мәнді мақал-мәтел тіл иелменіне зиянды әсер етеді, сол арқылы қарым-қатынасты бұзады» [5, 162-169]. Лингвистикалық прагматика субъект (мәтін авторы) пен адресат (оқырманға, тыңдарманға) арасында қарым-қатынас актісіндегі өзара әрекеттесуде, қабылданған мәтінді түсіну, түйсіну, бағалау, әсер ету сияқты мәселелерді қамтиды. Мақал — адресант пен адресат арасындағы ой алмасуға оңтайлы философиялық қуат-күш, үлкен-кішіге бірдей тәрбиелік мәнді, келелі ой, кемел пікірмен жол көрсетер, нақты шешімге жол сілтер, жақсы мен жаманды бағалау осы жанрдың прагматикалық сипатын ашады. Адресант қарым-қатынаста халық даналығының тәжірибесін қолданады, соған сүйенеді, мақалды сөз сенімді, иланымды шығады, ал бұл адресатқа әсер етеді. Халық даналығының ұйтқысы — мақал тілдің күдіретті күші арқылы қалыптасып, бейнелі мағынасы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Келесі ұрпақ оны орнымен контекстіне сай қолданып, дұрыс қолданса, «демек, бұл — сөз күдіреті күшінде деген сөз» [3; 14-23] және тыңдарманға оң экологиялық әсер етеді.

Сөздің қуаты мен қасиеті тіршілікпен, яғни биосфера мен табиғи ортамен тығыз байланысты. *Эмотивті лингвоэкология* — сөздің ішкі рухани мәні мен оны тұтынатын халықтың мінез-құлқы және тарихи тағдырын байланыстыра отырып, ұлттың лингвомәдени болмысы мен сана-сезімін зерттейтін бағыт. Бұл пәнаралық сала ретінде психология мен лингвистиканың тоғысынан туындап, эмоция мен тілдің арақатынасын зерделейді, яғни сөз тек ақпарат тасымалдаушы емес, сондай-ақ эмоциялық, экологиялық және мәдени мағынаға ие құрал екенін алға тартады. «Эмоция» сөзі француз тілінің *emotion* (латын тілінің *emovere* — қыздыру, толқыту) сөзінен шыққан. Эмотивті, не эмотив сөздер еліктіру, толқыту деген эмоциялық хәлді білдіреді, эмотив сөздер сезімді, эмоцияны білдіретін тіл элементі, және эмотив сөздер қоршаған ақиқат болмысқа деген адамның әртүрлі көңіл-күйін, сезімін, әсерін білдіреді. Бұл бағыт мына ғылым салаларымен байланысты: 1) эмотивті лингвоэкология лингвомәдениеттанудың жалпы ережелеріне сүйенеді; 2) эмоциялардың лингвистикалық теориясының тұжырымдамасына негізделген [6; 16]. Эмотивті лингвоэкологияның зерттеу нысанына 1) лингвистикалық және сөйлеу деградациясы (тілдің дамуына және оның сөйлеуін жүзеге асыруға кері әсер ететін факторларды зерттеу); 2) тіл мен сөйлеуді қалпына келтіру (тілді байыту жолдары мен құралдарын зерттеу және сөйлеу коммуникациясының этикалық және прагматикалық постулаттар жүйесін жетілдіру) [7; 70]. Эмоциялық лингвоэкологиядағы маңызды параметр — қоршаған ортаға зиянсыздық (неэкологичность)/қоршаған ортаға зияндылық категориясы (экологичность) болып анықталады. Салауатты қарым-қатынасты анықтау критерийлерін белгілеу үшін ғалымдар эмоционалдылыққа жүгінеді: жағымды конструктивті не экологиялық таза қарым-қатынас, жағымсыз — деструктивті және бейэкологиялық қатынас деп ажыратады [8; 5-8].

Қазақтың дәстүрлі мәдениеті экология ұғымының тікелей мазмұнына сәйкес келеді және ол табиғатты тікелей күшпен бағындыру принципіне негізделмеген. «Туған жер топырағынан жаралдым» дейтін адам табиғатқа қарсы қиянатқа бара алмаған. Сондықтан да туған жерді қорғау аңызды қорғау, арыңды, өз өмірінді қорғау деп есептеледі халық санасында. «Ер — туған жеріне, ит — тойған жеріне», «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» дейтін халық мақалдары жоғарыда айтқандарды дәлелдеп отыр [9; 115]. Көшпенділер дүниетанымында адам мен табиғат — өзара үйлесім тапқан, бөлінбейтін тұтастық. Бұл үйлесімділіктің негізгі компоненттерінің бірі — тілдік тұтастық. Адам мен табиғаттың өзара байланысы бізге үстірт, сенімсіздеу болып көрінгенімен, іс жүзінде бұл астары терең қатынасты білдіреді. Тіл мәдениетін ескермейтін қоғам тілді «шұбарлайтын», не «менсінбейтін» жайттарға көңіл бөлмесе, бұл уақыт өте келе қоғамның залалдануына, дамудың әлсізденуіне алып келеді, ал бұның айналадағы экологиялық жағдайға да тигізетін кері әсері болады. Сөйлеу мәдениетіндегі эколнгвистикалық көзқарас сөз бен табиғат арасындағы байланысты сипаттайтын қазақтың рухани сөз күдіреті мен сөз саптау дәстүріне негізделген. Мақал-мәтелдер қандай мақсатта, қалай қолданылса да өзінің табиғатына біткен, эмоция туғызатын әсерлі күшінен айрылмайды. Мақал-мәтелдер ойды дәлелдеу, кейіпкерді бағалау, эмоцияны білдіру, пікір қорыту сияқты қызметтерде жиі көрінеді [10; 168]. «Басқа адамның мінез-құлқына әсер ету, сұхбаттасуда үстемдік ету, жеке сөйлеу тактикасын енгізу, мақсатына жету — бұл шын мәнінде мақалдың прагматикалық қуатының әсері [11; 173], ғалымның бұл тұжырымы

мақалдың эмотивті қуатын анықтайды. Яғни, мақал-мәтелдер — жігерлендіру, қайрау, иландыру, сөзге тоқтату, оң әсер ету сияқты жағымды эмоцияны, тәрбиелік мәні бар ойларды жеткізеді.

Қазақ тілінде «ұят», «жаман», «обал» сөздері эмотивті сезім тудыратын лексемалар, қазақ танымында ұлттық рухты, ерекшелікті, мінез-құлықты танытуда қазақ халқының тәрбиесінде «жақсы» мен «жаманды», «ақ» пен «қараны» танытатын лингвомәдени дерек ретінде тілдік мәдени концептілер — лингвомәдени таным бірлігі, «онда ұлттық мәдениет көріністерінің жиынтығы бейнеленеді» [12; 135]. А. Ислам: «Концепт дегеніміз — жалпы бір ұлт мәдениетінің басты элементі, адамның ментальды әлемінің басты ұяшығы; этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан ұрпаққа берілетін ықшам әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым» [13]. Сонымен концепт — адамның санасындағы эмоциялар мен ассоциациялармен байланысты бейнелерді, белгілерді қамтитын мәдениеттің қоры. «Белгілі бір тілде сөйлеуші адамдар қалыптастырған және олардың жадында сақталған концептілер тілдің концептосферасын құрайды. Концептосфера — бұл ой-пікір сферасы, халықтың және жеке тұлғаның когнитивті сана-сезімнің ақпараттық базасы. Тіл арқылы біз концептосфераға қол жеткізе аламыз. Ұлттық концептосфера әрбір этномәдени қауымдастық өкілдерінің тілдік бейнесінде өзіндік ерекше белгілерімен көрініс табады. Әрбір концептінің вербалдануының нақты этномәдени тәсілі болады» [14; 195]. Мәдениет концептосфера түрінде адамның ментальдық, психикалық әлемінен орын алады. Қазақ дүниетанымын, мәдениетін біліп, түсіну үшін вербалданудың нақты этномәдени тәсіліне тіліміздегі мақал-мәтел қоры қызмет етеді. Бұл этномәдени бейнені ашып, тұжырымдап, қазақ тілі арқылы берілетін білім мен халықтың тәжірибесінен хабар береді. Қазақ баласының оңы мен солын тануда, үлгі мен өнегені, жөнді мен жөнсізді танып, үйренуде «Ұят болады», «Жаман болады», «Обал болады» тыйым сөздері эмотивті сезім тудыратын экологиялық мақал-мәтелдер концептосферасы арқылы вербалданады.

«Ұят болады» мәдени концептісі ар, намыс, абырой сияқты биік ұғымдармен ашылып, моральдық императивтер жүйесін қалыптастырды. Қазақтың тәрбиесінде жоғары моральдық құндылықтар деңгейінде барлығы ар-ұятпен бағаланады. Ұят деген — таразы. Ұят деген — реттеуші. Ұят деген — намыспен ықпалдас ұғым сөзі. Ұят — бүкіл дүниенің пердесі, бүкіл дүниенің қалқаны, адамшылықтың, иманның қалқаны — ұят. «Ұят болады» эмотивті концептосферасын «Кең болсаң, кем болмайсың», «Біреудің ала жібін аттама», «Жарлы болсаң да, арлы бол», «Өлімнен ұят күшті», «Ұялмаған бұйырмағаннан дәмәтеді», «Ұяты жоқтың иманы жоқ», «Ұятын жоғалтқан адам — адам емес», «Еңбек — өмірді ұзартады, ұят — бетті қызартады» және т.б. лингвомәденитанымдық мазмұндағы мақалдар құрайды.

«Жаман болады» мәдени концептісі қазақ тәрбиесінде баласын жаман қылықтан сақтандырып, жаман әрекеттен аулақ жүр деген моральдық императивтер жүйесін қамтиды, олар жақсылық жасауға, үлкенге құрметпен қарап, кішіге ізетпен қатынас жасауды, табиғатқа ұқыптылықпен қарауды үйретеді. «Жаман болады» эмотивті концептосферасын «Ел болам десең, бесігіңді түзе», «Ұятын жоғалтқан адам — адам емес», «Ақылың болса арыңды сақта: ар-ұят керек әр уақытта», «Бар барын жейді, ұятсыз арын жейді», «Тіземнен сүріндірсең де, тілімнен сүріндірме», «Аталы сөзге арсыз да тоқтайды», «Қоныс көркі — там, дастарқан көркі — нан», «Дастарқанында наны жоқтың, тамағының дәмі жоқ», «Тістем нанның қадірін, тарыққанда білесің» деген жалпы моральдық, экологиялық мақсатты көздеген лингвомәденитанымды тәрбиелік мазмұндағы мақалдар ашады.

«Обал болады» — жақсы нәрсенің қадірін біл, болмаса түбінде оның зардабын тартасың деген тыйымды білдіреді. Бұл — қоршаған ортаға зиян келтіруге, жамандық жасауға, яғни жандыны жәбірлеуге, жансызды бүлдіруге болмайды деген сөз» [15]. «Обал болады» эмотивті концептосферасын «Нан — береке бастауы», «Дәнді шашпа, нанды баспа», «Нан — тамақтың атасы, ынтымақ — көптің батасы», «Нан — дастарқанға сән» т.б. лингвомәденитанымдық мазмұндағы мақалдар ашады. Қазақ өмір сүру тәжірибесінде «сөзге тоқтау», «сөз құдіреті» деген таныммен «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп қай заманда да қашанда жүйелі сөзге тоқтаған. Қазақ биософиялық (сөзбе-сөз: өмірлік даналық, грек тілінен аударғанда: био — өмір, софия — даналық) қабілетті, шешен тілді хан, би, бай, төрелер мен ақындарды төбесіне көтеріп сыйлаған. Эмотивті лингвоэкология сөйлеу арқылы эмоциялардың адам денсаулығына әсеріне назар аударады, тіл сүйексіз болса да, сүйектен өтетін, оның қылыштай өткір, тастай ауыр «құдіретін» қазақ халқы мақалдың астарынан түсінген. Қазіргі таңда да бұл даналық мұрасын қазақ қоғамының жазылмаған қағидасы ретінде сақтау экологиялық таза тілдік ортаға, соның салдарынан салауатты қоғамға қол жеткізуге мүмкіндік береді. «Сөзге тоқтау», «сөз құдіреті» деген сөз тіркестерінің

лингвомәдени танымдық аспектідегі астарлы мәндері тек қазақ тілді қолданушыға түсінікті, себебі әр қазақ оны айта білген, тыңдай да білген, оған тоқтай да білген.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

М — айрықша ұлттық мазмұны бар тілдік код, себебі оқырман санасында мәтіндегі тілдік кодты аша алатындай тілдік білімнің болуы шарт, өйткені автор айтпақ ой-сезімін тілдік бірліктер арқылы кодқа салады. «Тыңдаушысы жоқ сөз жетім» дегендей, адресант мен адресаттың арасындағы байланыстың үзілуі қарым-қатынас экологиясына әкеліп, тілдік ортада сөз жансызданып, сөздік қордың қолданысының әлсіреуіне әкеледі. Жансыз сөз — тұл болып, жауыр сөз бен қысыр әңгіменің заманы орнайды. Сөздің салмағы түсіп, қадірі кете бастайды. Тіл мәдениеттен адам өзі өмір сүретін қоғамына қажетті не керек соны алады, осы қажеттіліктерді мағыналық кванттарға (қандай да бір физикалық өрістің қасиетін тасушы бөлшек) айналдырады, оларды белгілермен өрнектейді және өз кезегінде мәдениетке сөз, сөз тіркестері, тұжырымдар, мәтіндер, сөйлеу жанрлары және дискурстың түрлері түрінде жинақталған тәжірибені ұсынады» [16; 191]. Қоғамдағы орын алатын экономикалық, саяси және әлеуметтік факторлардың әсерінен адамзаттың әлеуметтік қажеттіліктер жүйесі үнемі өзгеріп отырады. Бұл өзгерістер императивті түрде әлеуметтің вербальды жүйесіне ықпалды болады, сөйтіп басқа семантикалық кванттар алдыңғы қатарға шығады. Қоғамның мәдени парадигмасы талабының параметрлеріне сәйкес семантикалық кванттардың «вербальдық қабаты» қойылатын талаптарға сәйкесіп өзгереді, бұдан келіп лингвомәдени орта қабылдаса да/тіптен қабылдамаса да тілдік норма өзгеріске ұшырайды. Қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ахуалды сипаттайтын норманың екі түрін: деонтикалық норма (кодификацияланған) немесе алетикалық (ауызша сөйлеу дағдысы) норманы қалыптастырады [17; 10]. Тіл мен сөйлеу тәжірибесіне нұсқамалық, міндеттемелік көзқарасқа тән *деонтикалық (еж.-грек. Δέον — парыз)* норманы тану дәстүрлі болып табылады, лингвистикалық норманың *алетикалық (грек. «ақиқатты»)* нормасы сипаттамалы лингвистикаға тән, ол өз міндеттерінде тек тілдік фактілерді жинау мен сипаттаумен шектеледі [18; 422]. Тілдік нормалардың аталған екі түрінің өзара арақатынасы және осы қатынастың қазақ тілінің лингвистикалық мәдениетінің сақталуына не «шұбарланып әлсіреуіне» әсері туралы мәселе жалпы қоғамда сөйлеу қарым-қатынасының бет алысы тұрғысынан қарастырылуы керек. Тілдің әлеуметтік белсенді қолдану тәжірибесі қазіргі кезде негізінен бұқаралық мәдениет саласында дамып жатқандығын ескерсек, қазақ тілінде жасалып жатқан көркем әдебиеттің, беріліп жатқан білімнің, таралып жатқан ақпараттың рухани құндылық нәріне айналып, тұтынушының қызығуы үшін қазақ тілі контентінің сапасының жоғарылығы маңызды. Бұл қазіргі қазақ тіліндегі коммуникация мәселелерін эмотивті лингвоэкологияның аясында зерттеудің көкейтестілігін дәлелдейді. Заманауи сауатты адам компьютердің құлағында ойнап, жаңа технологияны жақсы меңгерген деп бағаланады. Нәтижесінде жазу мен оқу мәдениеті қоғамдық өмір практикасында өзекті мәселеге айналып, қолмен жазып, қолға кітап ұстау қазір сиреп барады. Осы әлеуметтік жағдайлар адам өмір сүретін қоғамның бейвербалдануына (девербализациялану) әкелуде [19; 113]. Бейвербалдануды адамның адаммен ауызша сөйлесуі арқылы физикалық араласуының азаюынан қарым-қатынас сферасының нашарлауы деп те түсінуге болады. Бұдан келіп ауызша қолданыста болмаған тіл иелмендерінің дискурстық құзыреті мен дискурстық шеберлігіне нұсқан келеді. Тіл иелменінің дискурсивті құзыреттілігінің кенжелеуінен білім беру институттарында білім мен эмоционалды тәрбие деңгейінің *күрт төмендеуі етек алады, бұдан алетикалық норманың әсер ету аясының кеңейіп, демек, деонтикалық лингвистикалық норманың жаппай бұзылуына алып келеді. Бұл ең алдымен, жастар/тіл иелмендерінің арасындағы жалпы сөйлеу мәдениетінің, оның әсерінен жалпы мәдениеттің құлдырауына әкелуі мүмкін. Сарапшылар коммуникацияның әртүрлі аспектілерін бағамдайтын дискурстық құзыреттің бірнеше түрі, соның ішінде құзыреттіліктің өте кең тараған түрі — риторикалық дискурстық құзыреттілікті ерекше атайды. Тілдегі дайын тіл бірліктерін, фразеологиялық тіркес пен М-ның мағынасын түсініп, оны орнымен қолдану шеберлігі мен қолдана алу дағдысы да риторикалық дискурстық құзыреттілік деп бағаланады. Тіл иелмені мақалдың эмотивті және прагматикалық әлеуетін меңгеріп, қарым-қатынаста сәтті қолданса, мақал өзінің коммуникативті-прагматикалық мақсатын орындайды. Бірақ қоғамда кез-келген жағдай жиі кездеседі, тілдік репертуарда мақал пассив деңгейде сақталып қалады. Бұл жағдайда тіл иелмені мақалдың мағынасын түсінгенімен де, оны сөйлеу үдерісінде белсенді түрде қолдана алмауы мүмкін. Бұл — М-ның мағынасын түсіну мен контексте дұрыс қолдану арасындағы сәйкессіздіктен орын алады. Мақалдың прагматикалық әлеуеті (ақыл айту, сендіру, ой салу т.б.) нақты дискурстық*

жағдаймен тығыз байланысты. Зерттеу барысында эмоция тудыратын, қорқыныш, ар-намыс, жауапкершілік сезімімен байланысты мақалдар (мысалы, «Ұят болады», «Обал болады» концептілері бойынша) ұлттық санада терең сақталған және олардың тәрбиелік әсерінің әлі де күшті екендігі анықталды.

Мақал — эмотивті лингвоэкологияның маңызды компоненттерінің бірі. Мақалды қолданып сөйлеу — халықтың дайын астарлы сөзіне сүйеніп, сөздің мағынасын тереңдету, әсерін күшейту, тыңдаушының назарын аудару және көндіру мақсатындағы дискурстық стратегия. Қоғамда орын алып отырған әлеуметтік жағдайларға сәйкес ғасырлар бойғы санамызда жатталған сөз өрнектерін эмотивті тіл экологиясы тұрғысынан, яғни мақалдың мағынасын қолданушы қаншалықты түсінеді, және оның прагматикалық маңызын анықтау үшін мақалды қазіргі жастар қолданады ма деген сұрақтарға жауап іздеу осы жұмыстың мақсаты болды. Өйткені, мақал экологиялық бірлік ретінде тілдік эмоцияларды реттейді, тіл мәдениетін сақтайды, қоғамдағы рухани-экологиялық тепе-теңдікті қолдайды.

Қорытындылар мен тұжырымдар

Зерттеу аясында жоғары оқу орны студенттері арасында мақалдың қолданысы мен жастардың мақалды түсіну деңгейін және олардың эмотивті, прагматикалық әлеуетін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Жастардың сөйлеу тілінде мақал-мәтелдердің эмоциялық әсері, қолдану жиілігі және дискурстық жағдаятқа сай қолдана алу деңгейі қалай жүзеге асатынын анықтау мақсатында арнайы тапсырмалар даярланды. Сауалнама, интервью тапсырмалары түрінде жүргізілген эмпирикалық зерттеу респонденттердің білімі мен өмірлік тәжірибелеріне сүйенді. М-ның қолданысын анықтаған нәтижелер студенттер мен оқытушылардың жауаптарынан жиналған деректерге негізделді.



1-сурет. «Біреудің ала жібін аттама»

Мақалдың эмотивтік деңгейін анықтау үшін, жастардың санасында қандай астарлы ой тудыратындығын нақтылау мақсатында алынған жауаптың сандық нәтижесі бойынша респонденттердің 56.77 пайызы (176 студент) «ұят» категориясына сай мағынасын ашты. 20.97 %, яғни 65 студент мақалдың мазмұнын аша алмады, келесі 69 студент (22.26 %) басқа нұсқаларды атады.



2-сурет. Мақалдарды «Ұят болмасын», «Жаман болмасын», «Обал болмасын» концептілеріне сай жіктеу

Келесі тапсырмада мақалдың нақты дискурстық контексіне сай және прагматикалық дiттемін анықтау мақсатында бiрнеше мақал берiлдi, респонденттер оларды «Ұят болмасын», «Жаман болмасын», «Обал болмасын» концептiлерiне сай жiктеуi тиiс болды. Жауап берушiлердiң 60 % (186 студент) мақалдарды үш категорияға дұрыс ажыратты. 9.7 %, (30 студент) мақалды жiктей алмады, ал 94 студент (30.3 %) мақалдарды үш категория арасында нақты бөле алмай, шатастырды.

Бұл жүргiзiлген жұмыстардың нәтижесi көңiлге ой салады, сауалнама нәтижесi М сөзді өрнектеп, мәнерлi, үнемдi жеткiзушi, ата-бабаларымыздың шығармашылығы, халық даналығы, даналық ойдың шежiресi деп әспеттегенмен де, жастардың М-ның мағынасын түсiнiп, контекстiне сай қолдануынан бейэкологиялық ахуал байқалады [22; 6, 23]. Халық ауыз әдебиетiнiң қазыналы байлығы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйiнiн шегелейтiн М-ның қолданысының сапасы А.П. Сковородниковтың «нарықтық тұлғадағы» «эмоциялар әлемiнiң дистрофиясы» деген ойын тиянақтай түседi [20; 44]. *Қазақ тiлiнде жалпы сөйлеу мәдениетiн* қалыпты сақтау — *әсiресе* нарық заманына көкейтестiлiгiн бәсеңдетпейтiн мәселе.

Зерттеу нәтижесiнен мынадай қорытынды тұжырымдалды. М тек коммуникативтiк мақсаттарды жүзеге асыратын тiлдiк бiрлiктер ғана емес, сондай-ақ ұлттық пайымдау, ұлттық таным-түсiнiк, ұлттық көзқарастан мол мағлұмат беретiн тiл мәдениетiн сақтаған бiрлiктердiң тiлдегi қолданысының саябырлауы жоғары стильдiк сөйлеу тәжiрибесiнiң iс жүзiнде жұпындалуын, орасан зор лингвомәдени әлеуетке ие сөздердiң қолдану жиiлiгiнiң төмендегенi мен тiлдiң қарабайырлануын түсiндiредi. «Егер мұндай сөздердi түсiнетiн және бағалайтын адамдар шеңберi қоғамда тарылып кетсе, бұл сөздер активтi лексикалық қордан пассивтi сөздiк аймағына ауысуы сөзсiз орын алады», — деп жазды Л.А. Брусенская. Автордың пiкiрiнше, «қазiргi сөз шеберлерiнiң күшiмен бұл лексика қайтадан «сананың белсендi өрiсiне» қайта оралуы мүмкiн» деп мақал есте болу үшiн, оның жиi қолданыста болуы шарт екендiгiн ескертедi [21; 22]. Қорытындылай келе, төмендегi ойлар тұжырымдалады:

– Жаһандану лингвистердiң, саясаткерлердiң, әлеуметтанушылардың және мәдениет қайраткерлерiнiң алдына күрделi мәселелердi қойып отыр: басқа тiлдермен қатар, қазақ тiлiнiң лингвоэкологиялық тұжырымдамасын даярлау — өзектi мәселе.

– Ұлттың экологиялық бейнесiнен әлемнiң экологиялық бейнесi түзiледi. Қазақ өзiнiң архетиптiк ұлттық бейнесiн сақтауы арқылы әлемнiң экологиялық бейнесiн сақтайды. Тiлдiң экологиялық портретiн (тiл иелмендер саны, қолданылу саласы, ұлттық танымдық концептердiң тiлдегi вербалдануы, тiлге кедергi факторлар және т.б.) жасауға болады;

– Тiлдi реанимациялау [З. Ахметжанова] және тiлдiң трансмиссиясы [Э. Сүлейменова] идеялары күн тәртiбiнен түскен жоқ.

– Ұлттық сана ғана қазақ мәдениетiнде рухани-экологиялық тепе-теңдiктi сақтап қалады, эмотивтi лингвоэкологияның нысаны тарапынан қарастырғанда, ол экологиялық сезiм, ұлттық намыс пен теориялық тұрғыда өз ұлтының келешегiне деген саналы ойдан туады.

Әдебиеттер тiзiмi

- 1 Байтұрсынұлы А. Қырық мысал: Өлеңдер / А. Байтұрсынұлы. — Алматы: Жазушы, 2002. — 119 б.
- 2 Адамбаев Б. Халық даналығы / Б. Адамбаев. — Алматы: Мектеп, 1976. — 158 б.
- 3 Қайдар. Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерiнiң түсiндiрме сөздiгi және зерттеу) / Ә. Қайдар. — Алматы: «Тоғанай Т», 2004. — 560 б.
- 4 Омарбекова Г. Этическая и лингвоэкологическая характеристика паремииологических единиц казахского и русского языков / Г. Омарбекова // Вестник КазНУ. Серия филологическая. — 2023. — 192(4). — С. 82–95. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v192.i4.ph8>
- 5 Тарасова О. Д. Пословицы с зоонимным компонентом в свете лингвоэкологического подхода / О. Д. Тарасова, Н. А. Скитина // Филологические науки. Вопросы теории и практики. — 2018. — № 10(88). — Ч. 1. — С. 162–169. — Тамбов: Грамота.
- 6 Шаховский В. И. Лингвистическая теория эмоций / В. И. Шаховский. — Волгоград: Перемена, 2008 а. — 419 с.
- 7 Сковородников А. П. К становлению системы лингвоэкологической терминологии / А. П. Сковородников // Речевое общение: Специализированный вестник Краснояр. гос. ун-та. — Красноярск, 2000. — Вып. 3 (11). — С. 70–78.
- 8 Панченко Н. Н. Введение / Н. Н. Панченко, А. А. Штеба // Эмотивная лингвоэкология в современном коммуникативном пространстве: Коллективная монография / науч. ред. проф. В.И. Шаховский, отв. ред. проф. Н.Н. Панченко, редкол.: Я. А. Волкова, А. А. Штеба, Н. И. Коробкина. — Волгоград: Перемена, 2013. — С. 5–8.

- 9 Ғабитов Т. Х. Қазақ этикасы мен әдеп мәдениеті: Жоғары және орта оқу орындары студенттері мен оқушыларға арналған оқу құралы / Т. Х. Ғабитов. — Алматы: Лантар Трейд, 2022. — 260 б.
- 10 Таласпаева Ж. С. Көркем шығармада жұмсалатын тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің этномәдени сипаты / Ж. С. Таласпаева // М. Өтемісов атындағы БҚМУ Хабаршысы. — 2015. — № 3. — Б. 164–172.
- 11 Норман Б. Ю. Лингвистическая прагматика (на материале русского и других славянских языков): курс лекций / Б. Ю. Норман. — Минск, 2009. — 183 с.
- 12 Оразалиева Э. Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография / Э. Н. Оразалиева. — Алматы: «Ан Арыс»баспасы, 2007. — 312 бет.
- 13 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: филол. ғыл. д-ры ... дисс. автореф. / А. Ислам. — Алматы, 2004. — 50 б.
- 14 Есеналиева Ж. Лингвистиканың өзекті мәселелері. Ғылыми мақалалар жинағы / Ж. Есеналиева. — Алматы, 2021. — 288 б.
- 15 Ғабитов Т. Қазақ мәдениетіндегі негізгі ұстанымдар [Электрондық ресурс] / Т. Ғабитов. — Қол жеткізу режимі: <https://zhalyn.kz/2018/08/19/>
- 16 Карасик В. И. Ценностные параметры лингвозэкологического общения / В. И. Карасик // Эмотивная лингвозэкология в современном коммуникативном пространстве. — Волгоград: Перемена, 2013. — С. 191–201.
- 17 Германова Н. Н. Лингвокультурные основания нормативной грамматической традиции: на материале грамматик английского языка XVII — начала XX века: автореф. дис. ... д-ра филол. наук / Н. Н. Германова. — Москва, 2016. — 47 с.
- 18 Трошина Н. Н. Проблемы языковой культуры, языковой критики и языковой рефлексии в современной немецкой германистике / Н. Н. Трошина // Субъект познания и коммуникации: Языковые и межкультурные аспекты: сб. науч. трудов, посвященный юбилею Л. И. Гришаевой. — Воронеж: Наука: Юнипресс, 2014. — С. 414–429.
- 19 Карасик В. И. Языковая кристаллизация смысла / В. И. Карасик. — Волгоград: Перемена, 2010. — 421 с.
- 20 Сковородников А. П. Экология русского языка / А. П. Сковородников. — Красноярск: Сиб. фед. гос. ун-т, 2016. — 388 с.
- 21 Брусенская Л. А. Экологическая лингвистика / Л. А. Брусенская, Э. Г. Куликова. — Изд. 3-е, стереотип. — Москва: Флинта; Наука, 2018. — 184 с.
- 22 Omarbekova G. A. Perspectives on Proverb Use among Kazakhs: Ecological Discourse. In: Contemporary Kazakh Proverb Research: Digital, Cognitive, Literary, and Ecological Approaches / G. A. Omarbekova // Peter Lang International Academic Publishers. — New York, 2023. — 236 pages, P. 6. <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85145427563&origin=resultslist&txGid=b78813ef1b75d3d9ad565aa99c54e39c>
- 23 An Lan. Ethno-cultural aspects of marriage proverbs in Chinese and English / An Lan, Shan Shiguo, Culnar Bekkozhanova, Nurzhama Shengelbayeva, Gulnara Omarbekova // Global Chinese. — 2025. — 11(1). — P. 89–107. <http://www.scopus.com/inward/record.url?scp=105003707535&partnerID=8YFLogxK>

Г.А. Омарбекова

Эмотивная лингвозэкология и национальные концепты: эмоционально-прагматический подход к казахской паремиологии

В статье рассматриваются паремиологические единицы казахского языка с точки зрения эмоциональной лингвозэкологии, а также анализируется смысл понятий народной педагогики — «Ұят болмасын», «Жаман болмасын», «Обал болмасын», которые как культурный код передаются через пословицы лингвокультурного содержания. Особенности облика, быта и мировосприятия нации наиболее ярко и точно отражаются в фольклорных текстах, пословицах и поговорках. Современная паремиология XXI века отходит от традиционного структурного подхода и характеризуется ростом интереса к функционально-прагматической природе языка. Рассматривая пословицы с прагматической точки зрения, можно выявить их когнитивную природу и коммуникативную ценность, то есть определить контекст, в котором они употребляются. Актуальность исследования обусловлена необходимостью изучения пословиц в коммуникативно-прагматическом аспекте с учетом их влияния эмоционального воздействия. В связи с целью работы духовный смысл пословиц исследуется в рамках эмотивной лингвозэкологии, рассматривающей лингвоэтнонациональную идентичность и сознание, глубоко укорененные в поведении и судьбе народа, использующего слово. Сила и энергетика слова, связаны с окружающей биосферой и живой природой, то есть эмотивная лингвозэкология изучает воздействие слов и языковых структур, насыщенных эмоциями, положительными или отрицательными по тону, на общество и языковое пространство. Это направление стремится сохранить эмоциональную культуру языка и его экологическое равновесие. Пословицы можно рассматривать как экологически чистое языковое средство: они улучшают окружающую среду, коммуникацию, защищают язык от негативного загрязнения. Через пословицы можно воспитывать у молодежи культуру языка, что очень важно для эмотивной лингвозэкологии. В исследовании использовались методы семантического, прагматико-коммуникативного и

культурологического анализа этических ценностей. Поскольку эмоциональная лингвоэкология базируется на общих правилах лингвокультурологии, концепты «Ұят болмасын», «Жаман болмасын», «Обал болмасын» вербализуются через концептосферу экологических пословиц, вызывающих эмоциональный отклик. Это направление представляет собой новый подход в изучении пословиц. С учетом современных социальных условий было проведено эмпирическое исследование среди молодежи с целью выявления степени популярности и частоты употребления пословиц, то есть их прагматической значимости в контексте лингвистической экологии. Эмпирическое исследование, включавшее анкетирование и интервьюирование, проводилось на основе знаний и жизненного опыта респондентов; данные о повседневном употреблении пословиц были собраны из ответов студентов и преподавателей. В работе представлены количественные результаты опроса и сформулированы предложения для дальнейших исследований.

Ключевые слова: пословица, эмотивная лингвоэкология, концептосфера, дискурсивная компетентность, опрос.

G.A. Omarbekova

Emotive lingua-ecology and national concepts: an emotional-pragmatic approach to Kazakh paremiology

The article explores the paremiological units of the Kazakh language from the perspective of emotional lingua-ecology, focusing on the meanings of folk pedagogical concepts such as “Uyat bolmasyn”, “Jaman bolmasyn”, and “Obal bolmasyn”. These expressions serve as cultural codes conveyed through proverbs rich in linguistic and cultural content. The features of a nation’s appearance, lifestyle, and essence are most vividly and accurately reflected in folklore, particularly in proverbs and sayings. The paremiology of the 21st century has shifted its focus from traditional structural approaches to functional and pragmatic aspects. Viewing proverbs through a pragmatic lens highlights their cognitive nature and communicative value, particularly in terms of usage context. The significance of this research lies in its emphasis on analyzing proverbs within a communicative-pragmatic framework, focusing on their emotional impact. Accordingly, the spiritual meanings of proverbs are examined through the lens of emotive lingua-ecology, which considers ethno-linguistic identity and national consciousness as shaped by the behavior and destiny of a language community. The power and influence of words are linked to the surrounding biosphere and wildlife. Emotive lingua-ecology investigates how emotionally charged linguistic structures—both positive and negative—affect society and the linguistic environment. This field aims to preserve the emotional culture of a language and maintain its ecological balance. Proverbs, in this context, are seen as emotionally and ecologically sustainable linguistic tools that enhance social interaction, improve communication, and protect the language from harmful influences. They also foster linguistic and emotional culture among young people—an essential goal of emotive lingua-ecology. The study employed semantic, pragmatic-communicative, and cultural analyses of ethical values. Since emotional lingua-ecology is grounded in the general principles of linguo-culturology, concepts such as “Uyat bolmasyn”, “Jaman bolmasyn”, and “Obal bolmasyn” are understood through the conceptual sphere of ecological proverbs, eliciting emotional responses and reflecting a new direction in paremiological research. An empirical study was conducted among young people to assess the popularity and usage of proverbs in society, evaluating their pragmatic significance from an ecological-linguistic perspective. The research utilized questionnaires and interviews based on respondents’ knowledge and life experiences, gathering data from both students and teachers on the everyday use of proverbs. The paper presents quantitative findings from this survey and offers suggestions for further research.

Keywords: proverb, emotive lingua-ecology, sphere of concepts, discursive competence, survey.

References

- 1 Baytursynuly, A. (2002). *Qyryq misal: Öleñder* [Forty Examples: Poems]. Almaty [in Kazakh].
- 2 Adambayev, B. (1976). *Khalyq danalyǵy* [Folk Wisdom]. Almaty [in Kazakh].
- 3 Kaydar, A. (2004). *Khalyq danalyǵy (qazaq maqal-mätelderiniñ tüsindirme sözdigi jáne zertteu)* [Folk wisdom (explanatory dictionary of Kazakh proverbs, sayings, and research)]. Almaty: «Toǵanay T» [in Kazakh].
- 4 Omarbekova, G. (2023). Eticheskaia i lingvoekologicheskaia kharakteristika paremiologicheskikh edinit kazakhskogo i russkogo yazykov [Ethical and Linguo-Ecological Characteristics of Paremiological Units in the Kazakh and Russian Languages]. *Vestnik Kazakhskogo Natsionalnogo Universiteta. Serii filologicheskaya — Bulletin of Kazakh National University. Philology Series*, 192(4), 82–95. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v192.i4.ph8> [in Russian].
- 5 Tarasova, O. D., & Skitina, N. A. (2018). Poslovitsy s zoonimnym komponentom v svete lingvoekologicheskogo podkhoda [Proverbs with a Zoomorphic Component in the Light of the Linguo-Ecological Approach]. *Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki — Philological Sciences: Issues of Theory and Practice*, 10(88), 162–169. Tambov: Gramota [in Russian].

- 6 Shakhovskiy, V. I. (2008 a). *Lingvisticheskaya teoriya emotsii* [Linguistic Theory of Emotions]. Volgograd: Peremena [in Russian].
- 7 Skovorodnikov, A. P. (2000). K stanovleniyu sistemy lingvoekologicheskoi terminologii [On the formation of a system of linguoecological terminology]. *Rechevoe obshchenie: Spetsializirovannyi vestnik Krasnoyarskogo gosudarstvennogo universiteta — Speech Communication: Specialized Bulletin of Krasnoyarsk State University*, 3(11), 70–78. Krasnoyarsk [in Russian].
- 8 Panchenko, N. N. (2013). Vvedenie [Introduction]. *Emotivnaya lingvoekologiya v sovremennoy kommunikativnoy prostranstve — Emotive lingua-ecology in the modern communicative space*, 5–8. Volgograd: Peremena [in Russian].
- 9 Gabitov, T. Kh. (2018). *Qazaq etikasy men ädep mädenieti* [Kazakh ethics and moral culture]. Almaty: Lantar Treyd [in Kazakh].
- 10 Talaspaeva, J. S. (2015). Körkem shyğarmada zhumsalatyn turaqty tirkester men maqal-mätelderdiñ etnomädeni [Ethnocultural characteristics of fixed phrases and proverbs used in literary works]. *M. Ötemisov atyndaғы Batys Qazaqstan Memlekettik Universitetinin Khabarshysy — Bulletin of M. Otemisov West Kazakhstan State University*, 3, 164–172 [in Kazakh].
- 11 Norman, B. Yu. (2009). *Lingvisticheskaya pragmatika (na materiale russkogo i drugikh slavianskikh yazykov)* [Linguistic pragmatics (based on Russian and other Slavic languages)]. Minsk [in Russian].
- 12 Orzaliyeva, E. N. (2007). *Kognitivтік lingvistika: qalyptasuy men damuy* [Cognitive linguistics: examples and results]. «An Arys» [in Kazakh].
- 13 Islam, A. (2004). Ulttyq mädeniet konteksindegi dünienіñ tildik sureti [Linguistic picture of the world in the context of national culture]. *Extended abstract of Doctor's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 14 Esenalieva, J. (2021). *Lingvistikanıñ özehti mäseleleri* [Current issues of linguistics]. Almaty [in Kazakh].
- 15 Ğabitov, T. (2018). Qazaq mädenietindegi negizgi ustanymdar [Basic principles of Kazakh culture]. *zhaly.kz*. Retrieved from <https://zhaly.kz/2018/08/19/> [in Kazakh].
- 16 Karasik, V. I. (2013). Tsennostnye parametry lingvoekologicheskogo obshcheniya [Value Parameters of Linguoecological Communication]. *Emotivnaya lingvoekologiya v sovremennoy kommunikativnoy prostranstve — Emotive linguoecology in the modern communicative space* (pp. 191–201). Volgograd: Peremena [in Russian].
- 17 Germanova, N. N. (2016). Lingvokulturnye osnovaniya normativnoy grammaticheskoy traditsii: na materiale grammatik angliiskogo yazyka XVII — nachala XX veka [Linguocultural foundations of the normative grammatical tradition: based on the grammars of the English language of the 17th — early 20th centuries]. *Extended abstract of Doctor's thesis*. Moscow [in Russian].
- 18 Troshina, N. N. (2014). Problemy yazykovoy kultury, yazykovoy kritiki i yazykovoy refleksii v sovremennoy nemetskoй germanistike [Problems of linguistic culture, linguistic criticism and linguistic reflection in modern German Germanistics]. *Subekt poznaniya i kommunikatsii: Yazykovye i mezhkulturnye aspekty — The Subject of Cognition and Communication: Linguistic and Intercultural Aspects* (pp. 414–429). Voronezh: Nauka: Yunipress [in Russian].
- 19 Karasik, V. I. (2010). *Yazykovaia kristallizatsiya smysla* [Language crystallization of meaning]. Volgograd: Peremena [in Russian].
- 20 Skovorodnikov, A. P. (2016). *Ekologiya russkogo yazyka* [Ecology of the Russian language]. Krasnoyarsk: Sibirskii Federalnyi Gosudarstvennyi universitet [in Russian].
- 21 Brusenskaya, L. A., & Kulikova, E. G. (2018). *Ekologicheskaya lingvistika* [Ecological Linguistics]. Moscow: Flinta; Nauka [in Russian].
- 22 Omarbekova, G. A. (2023). Perspectives on Proverb Use among Kazakhs: Ecological Discourse. In: Contemporary Kazakh Proverb Research: Digital, Cognitive, Literary, and Ecological Approaches. *Peter Lang International Academic Publishers*, 6.
- 23 An Lan, Shan Shiguo, Culnar Bekkozhanova, Nurzhama Shengelbayeva, & Gulnara Omarbekova (2025). Ethno-cultural aspects of marriage proverbs in Chinese and English. *Global Chinese*, 11(1), 89–107.

Information about the author

Omarbekova, Gulnara Abildaevna — Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan. E-mail: gulnara.omarbekova@nu.edu.kz; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3934-3209>